

**НҮРҚАСЫМ
ҚАЗЫБЕКҰЛЫ**

ОТЫРАР кітапханасы



ХАЛҚЫ СҮЙГЕН ҚАЛАМГЕРЛЕР



**Нұрқасым
Қазыбекұлы**

**ОТЫРАР
КИТАЛАНДЫ**

**Халқы сүйген
қalamгерлер**



ББК 74.200.51

Қ 36

Қазақстан Республикасының Мәдениет және
ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы
бойынша шығарылды

Қ 36 Қазыбекұлы Н. *Халқы сүйген қаламгерлер*. –
Алматы, "Өлкө", 2006. – 160 бет.

ISBN 9965-742-84-7

Қашанда қаламынан қайрат лебі есемтін талантты
жазушы Нұрқасым Қазыбекұлы бұрындары көркем прозасымен
көпшілікті тәнні етіп келсе, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін
көсемсөзге ойысып, ел қамын ойлайтын кісі гана батылы
жетептін әлеуметтік, қоғамдық, саяси тақырыптара батыл
қалам тартқан еді. Жазушы бұл салада да абыройлы болды.
Әсіресе көрші алып мемлекеттердің сонау ерте заманнан
бері қараң жүргізіп көле жатқан қитұрқы саясаты мен қазіргі
іске асырмақ жоспарларын талдауда ерекше байқампаз екенін
аңгартады.

Қаламгердің тілі орамды, айттар ойы айқын.

ББК 74.200.51

Қ $\frac{4303000000}{00 \ (05)-06}$

ISBN 9965-742-84-7

© Қазыбекұлы Н., 2006
© "Өлкө" баспасы, 2006

1 Әңгілем

«Қазақ» атауы қашан, қайдаң шыққан?

Тарих – әрі кәрі, әрі жас. Кәрі болатыны – онда адамзат тарихы ежелден тартып, бүгінге дейін мәңгіге сақталады. Жас болатыны – сол ежелгіні бүгінге сақтап, жеткізеді. Ортада болатын өзгерістер болса, оған уақыт, заман кінелі. Айналып келгенде оның өзі де тарих. Демек, тарихтан ештеңе (жақсылық пен жамандық, өтірік пен шындық) қашып құтыла алмайды. Оның бүгінгі қолда бар дәлелі: «Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер». Мұнда осыдан екі-үш мың жыл бұрынғы қазаққа қатысты деректер сөз болады. Көзі ашық, көнілі зерек адамға сол кездің өтірігі мен шындығы, билікбасындағылардың арамдығы мен адалдығы, зорлық-зомбылық – қысқасы заман тынысы, уақыт шындығы (кезіндегі тарих не шежіре жазушылар қанша бұрмалауға тырысқанымен) тайға таңба басқандай көрініп түр. Ал біздің сөз етпек болған мәселелеріміз осындай шындықтар туралы.

Алайда осы тарихта бір нәрсенің басы ашық. Ол – Қытайдың ежелден-ақ женілісін де жөнестің атасы деп қарытын мінезі. Міне, сол мінезімен неше мыңдаған жылдар бойы тепеңдеп әлі жылжып келеді. Сейтіп ұлы Қорғаннан бері қарайғы территориясын да өлденеше мыңдаған шақырымға мысықтабандап кеңейтуде. Әйтсе де, «Қытай өстіп жатыр» деп ешкім әлі айта қойған жоқ. Міне, бұл – сыртқа қару көтермей жаулаудың артықшылығы. Ал өз ішінен бас көтергендерді табанда жер жастандырып отырады. Бұл олардың қалыптасқан саясаты.

Әрине, қытайдың байырғы тарихы ежелден-ақ өзінің ұлттық мұддесін қорғау негізінде жазылған. Сейтіп, тарихтан бері-ақ өзге ұлыстар мен ұлттарға «қамқор аға» болып келе жатқандарын айтып қалуға тырысып отырады. Егер тарихты осы көзқарас бойынша бағаласақ – кейбір ұлыстар мен аз ұлттардың көз алдымында Хән ұлтына қалай жұтылып жатқанын, мәселен, Ішкі мұнғыл, Шығыс Түркістандағы ұйғыр, қазақ, қырғыз, дүнған, сібе-солаң... айтуға тиіспіз. Бұлардың ішінен шықкан ғалымдар, өнер қайраткерлері мен ақын-жазушылар – бәрі-бәріде тарихта қытай есептеледі. Бүгінде де ондайлар баршылық. Бір мысал – шығармасын қытай тілінде

жазатын Әкпар Мәжітұлы деген жазушы бар. Ол 1954 жылы Шығыс Түркістанның Іле аймағына қарасты Қорғас ауданында туған. 1976 жылы Ланжу университетінің әдебиет факультетін бітірген. 1978 жылдан бастап әдеби шығармашылық жұмыспен шұғылдана бастаған. 1984 жылы «Ақсақ құлан» атты әңгімелер мен повестер жинағы қытай тілінде (өзі қытай тілінде жазады) жарық көрген. «Нұрман қарт жөне оның тазысы», «Қайран он бес жасар Қалида» дейтін әңгімелері кезінде аз ұлт әдебиетін бағалау бойынша үздік шығармалар сыйлығын алған.

Бүкіл Қытайлық Жазушылар одағының мүшесі. Пекинде тұрады. Оның Қытайдағы аты шулы «Мәдени революцияның» сондагы азғантай қазаққа тиғізген зардабын бейнелейтін «Сақал» деген әңгімесін «Жалын» журналының 2006 жылғы № 4 санында жариялаған болатынбыз. Мүмкін, ол «Жалын» оқырмандарының есінде де шығар. Әкпар сол бір шағын әңгімесімен-ақ кезінде Қытайда болған «мәдени революцияның» зардаптарын тайга таңба басқандай айқын бейнелеген. Бірақ, амал қанша, біз мұны аударма арқылы оқыдық. Ал оның қанша сөлі мен дәмі, бейнелі тілінің бояуы мен ойының философиялық астары сол тілде қалып қойды, ол жағы бізге беймәлім. Өкінішті. Сондай қатты өкінішті. Былайы жұрт өз ішінен осындай жазушы шыққаны үшін мақтанады. Бір қарағанда олары да занды. Алайда мен жазушының ана тіліндегі әлгі ішкі ірімдерін, жарқын бояуларын жоқтап қайғырамын. Олайы тарихымызда мұндай өкінішті мысалдар өте көп екен. Реті келгенде айта кетейік. Солардың бірі Қарлұқ Кегменер ақын Ұлғеұлы туралы, филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия үлттық университеті Шығыстану кафедрасының доценті, ақын Дүкен Мәсімханұлы: «Ақынның туған-өлген жылы туралы нақты дерек жоқ. Біздің жыл санауымыздың 766 жылы Ұлғе қаған Таң елінің бодандығын қабылдаған кезде 7-8 жасар ұлын (Кегменерді – Д.М.) Шұршіттердің кепілдікке әкеткендігі ғана белгілі. Осылай есептегенде ақын жыл санауымыздың мәлшермен 760 жылы дүниеге келген болып шығады. Ұлғе қағанның оңтүстік шекарасының Іле өзені болғанын, ордасының бүгінгі Жаркент маңында болғанын ескерсек, Кегменердің Кегмен тауы (бүгінгі Алматы облысына қарасты Ұйғыр ауданындағы Кетпен тауы) бектерінде туғаны айқындалады», – деп жазады «Сарап» атты зерттеу кітабында.

Міне, осы сияқты ежелгі қытай жазбаларын зерттеуші бүгінгі Шығыс Түркістандық қазақ ғалымдарының еңбектерінен белгілі болғандары: қаңлы ақыны Потодың – заманымыздың 232-348 жылдары өмір сүрген.

Хату – Іленің батысындағы елден шыққан ақын, сазгер, ғалымның 586 жылы 10 томдық шығармасы жарық көріпті.

Қаңлы ақыны Бұқым Қайрақбайұлы (1255-1300) жылдары өмір сүрген.

Қыпшақ ақыны Сағидолла – 1272 жылы туған, өлген жылы белгісіз. Сары-өзеннің бас жағында дүниеге келген.

Қаңлы ақыны Сәрсен (1295-1345) жылдары жасаған. Қаңлы ақыны Бұқымның үрпағы. Қытайдың көркем жазуының шебері болған, әрі негізін қалаған.

Қарлұлық ақын Нәйжан (1310-1368) жылдары жасаған.

Қыпшақ ақын Сарын. Шыңғыс дәуірінің атақты ақыны. Сағидолланың үрпағы.

Қыпшақ ақыны Сабан. Тұған өлген жылдары белгісіз.

Қыпшақ ақыны Дадиос. Мұның да туған, өлген жылдары белгісіз.

Осы тақырыпты зерттеуші Шығыс Түркістандық қазақ ғалымдарының деректері бойынша, түркі халықтарынан Юан хандығы (Шыңғыс хан) дәуірінде ғана 200-ден артық ақын-жазушы шығыпты. Олардың қағазға түскен өлеңдерінің өзі 4 мың жолдан асады екен. Олар бұл дәуірді үш ғасыр деп есептейді. Ал тарихи деректерге сүйенсек, қытайлардың ақын-жазушыларымызды ғана емес, жеріміз бен елімізді де әр алған тәсілдермен шырғалап, біздің бүгінгі шекарамызға дейін ығыстырып келе жатқанын көрге болады. Мұны белгілі қазақ танушы қытай ғалымы Су-Бейхайдың: «Шыңғысхан қазақ даласын жаулап алған кезде, көптеген қазақтар ішкі Қытайға көшіп барып, қытайлармен қоян-қолтық араласа әмір сүрді. Олар қаптаған қалың қытайды басқару үшін, мансап-шенге ие болу үшін, жатпай-тұрмай қытай тілін, қытай мәдениетін үйренді. Әсіресе, мұнғұл билеушілері өздерінің үстемдік орнын бекемдей түсу үшін, ордадағылар әр үлт перзенттеріне қытайдың тіл-жазуын қаршадайынан бастап үйрететін» («Қазақтың мәдениет тарихы» Су-Бейхай, 1989 ж., Қытайша басылым. 294-бет). Қазақшалаған Д.М. «Сарап» - 75 -б.). Байқайсыздар ма, қазақты ғасырлар бойы орыстар да осы тәсілмен билеп келді.

Қасқыр, қабылан, аю сияқты жыртқыш аңдар оқ тиген, жараланған жерін қабады. Өз жарасын өзі қауып қалу – қашанда жыртқыштықтың белгісі. Ал қазіргі Ресей айт-айтпа жаралы аюға ұқсайды. Оның алып денесінің батыс солтүстігінен: Балтық жағалауының үш елі (Латвия, Литва, Эстония), батысынан: Беларусь, Украина, Молдова; батыс оңтүстігінен: Кавказ елдері (Грузия, Армения, Осетия, Әзіrbайжан), оңтүстігінен: Қазақстан, Өзбекстан, Қыргызстан, Түркменстан, Тәжікстан республикалары бөлініп, тәуелсіздіктерін жариялады. Б.Ельцин о баста М.Горбачевті құлату үшін Кеңес Одағын ірітіп еді, кейін сол күн өз басына да туды. Чешендер бастаған бүлік жалпыға бірдей жасалмаған үлттық теңсіздіктің салдары. Әйткені Ресейдің алып асқазанында әлі қори қоймаған елдер мен территориялар (аймақтар) бар. Бүгінгі Ресейдің ішін түйнегіп жатқан ауру – солар. Одан құтылу үшін патша үкіметінің тәжірибесі (зорлық) нәтиже бере қоймады. Ол әдіс әбден ескіріпти.

Ал халық, көрісінше, жаңаған. Енді сол Ресейдің асқазанында тағы да не жатқанына назар аударып көрелік!

1. Коми – 1478 жылы, 2. Ненец - ?, 3. Эвенки - ?, 4. Мари – 1551-52 жылдары, 5. Мордва – Алтын Орда құлағаннан кейін, 6. Чуваш – 1557 жылы, 10. Якут – 1630 жылы, 11. Чукча - ?; 12. Алтай - ?, 13. Черкес (Адыгей) – XIX ғасырдың бірінші жартысы, 14. Қарашай – XIX ғасырдың бірінші жартысы, 15. Ингуш – 1810 жылы, 16. Қабарда – 1827 жылы, 17. Балқар – 1827 жылы, 18. Ноғай - ?, 19. Чешен – 1859 жылы, 20. Дағыстандықтар – 1860 жылы, 21. Қалмақ – XVIII ғасырдың ортасында бағынған.

Ол – ол ма, бүгінгі Қазақстанның жон арқасынан тілініп алғынған таспа да аз аумақты қамтыймайды. Айтальық: Астрахан, Орал, Қорған, Омбы, Алтай...

Енді ат басын шығысқа бұрайық. Мұндағы тілге тиек еткен деректеріміз «Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер» атты кітаптан алғынған («Ұлттар» баспасы, Пекин. 1-2 кітап). Бұл кітаптарда біздің заманымыздан бұрынғы сақ, ғұн, қаңлы, үйсін, қыпшақ, керей, найман... тағы басқа көптеген ұлттар мен ұлыстардың тарихы сез болады. Біз сол екі кітаптағы қазаққа тікелей не жанамалай қатысы бар-ау деген материалдардың еш өнін өзгертуей «Жалын» журналында жарияладап келе жатқанымыз, көзі қарақты оқырмандарымызға белгілі болса керек. Бүгін осы барыста түйген ойларымыз берінші көңілге келген түйткілдерімізді ортаға салмақпаз. Алдын ала ескертке кететін бір жай – кітаптағы негізгі тақырыптық материалдан ғөрі кейде кейір түсіндірмелерде (сноска) айтылған деректер әлдеқайда нақты және көкейге қонымды сияқты. Мысалы, бірінші кітаптың беташар тақырыбына берілген ең алғашқы түсінікті оқып көрелік. «Тарихи жазбалар» – қытайдың тұңғыш жылнамалық, ғұмырнамалық тарихы. Авторы – Батыс Хән патшалығы дәуіріндегі Сымба Чиан. Кітапта ақыздарда айтылатын Хуандиден (Сары Бабалықтан) Хән Удиге дейінгі шамамен 3 мың жыл аясындағы ірі оқиғалар қамтыйлған. Соның ішінде де жауласқан бектіктер, Чин, Хән елдеріндегі тарихи оқиғалар жан-жақтылы баяндалған. Жиыны 130 бумадан тұрады. Шамамен б.з. б. 104-91 жылдарда жазылған. («Сыхай», бір томдығы, Шаңхай сөздік баспасы, 1995 жыл, 11 басылымы, 816 бет).

Егер біз бүгін осы тарихи жазбалардағы деректерге сүйене отырып ой түйер болсақ, мемлекеттілігіміздің тарихы 3 мың жыл арыға шегініп, терең тарих қойнауынан бастау алады. Мәселен, қазіргі және бұрынғы қытай тарихшылары қалай-қалай бұлғақтатса да, Ұлы Қорғанды кешегі сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, алан, түрік, қыпшақ тағы басқа бүгінгі қазақ ұлтын құрайтын рулардан қорыққаннан салғанын жасыра алмайды. Бұған мына өз кезінде жазбаға түсken «Ғұн баянында (II)», (Хәннама, 94-бума) деректерде: «...Ғұндар табанда кегін қайтарып отырды да, арадағы қақтығыс 30 неше жыл

жалғасты. Қытай елі қажып шашылды, ғұндар да ауыр шығындалды. Сондықтан, ер жүрек Хән Уидиың бүл тәдбілі тәменгі амал деп аталды. Болымсыз қорлауға шыдамаған Чин Шыхуаң халықты қинап, түмен лиге созылған берік қорған жасатып, теңіз жиегінен шекара алқапқа бойлата астық таситын жол салдырыды. Сонымен қытайдың қазынасын сарқып, мемлекетті жойылу қаліне жеткізді. Ол шарасыздық деп аталды. Қазір мемлекетіміз бойынша жұт жүріп, әр жылы ашаршылық болып жатыр», – деген сияқты халықтың өз кезіндегі наразылықтары күә. («Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер, 1-кітап, 553 б.).

Егер әрбір көзі ашық азamat тарихқа көз жіберіп ойланар болса, қай жерді қашан кім мекендерген, оны кім қашан, қалай иеленіп кеткен, ол қазір кімнің қолында деген сияқты толып жатқан сұраулардың жауабы өз-өзінен шыға келеді. «Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер» атапттың кітаптардың, әсіресе, бірінші кітабының түсініктері (сноска) осындаи деректерге бай. «Шинчинжұң» – жер аты. «Чинжұң» деп тे аталған. Аумағы қазіргі Ішкі Мұнғұлиядың Хытаудың түстігін (Ежека аймағын), Ниңшианың Чиншүйхы алабын, Гансудің Хуайшиан ауданын, Саншидың Учишиан ауданын қамтиды. Бүл тегінде Чин Шыхуаң Мың Тианды жорықта жіберіп, ғұндардан тартып алған жер. Хән Уди тұсында ғұннан қайта тартып алынған бүл өнірге шығыс жақтағы халықты көшіріп орналастыруды». «Тарихи жазбалардың түсіндірмелі, толық аудармасы», 920 бет», - деп көрсетілген аталған бірінші кітаптың 145-бетінде. Мұндағы басты мәселе тартып алынғанын жасырмаяуында. Ал тексте көбіне-көп мұндаидай мәселелердің өні айналдырылып отырады. Хән елі женғен, өзгелерді женғілген етіп көрсету жағы басым. Алайда «Тарихи жазбалар, 110 бума. Ғұн баянында» Хән Ұындидың төреші абызына жарлық беріп: «Ғұнның ұлы тәңір құты маған жолдаған хатында: «Құда-андалықта келістік. Қашып өткендерді ел қылумен қарашамыздың саны көбеймес, иелігіміз де ұлғаймас. Ғұндар бұдан былай шекара қорғаны ішіне кірмейді. Хән елінің адамдары да қорған сыртына шықласын. Осы шартқа қигаштық істегендер өлімге бұйырылсын! Осылай болғанда татулығымыз баянды болады. Ендігары жауласпай өтер болсак, әр екі жаққа да пайдалы», – делінген. (1-кітап, 96 б.). Міне, осындаи келісім-шарттардан кейін ғұндар тәңіркұтынан қарашаларына дейін ұлы Қорғанның тубіне келіп-кетіп, Хән елімен сауда-саттық жасап тұрады. Демек, бүл деректен ғұндардың Хән елін Ұлы Қорғанның ішіне қуып тыққанын көруге болады.

Түмен осы ғұндардың алғаш жазбаға түскен тәңіркұты (б.з.б. 209 жыл). Оның тұсында ғұндардың жері шығыста шығыс ғулармен, түстікте Чин бектігімен, батыста Нәтшемен шектесті. (Нәтше – батыс өнірдегі ежелгі этнос және мемлекет). Оны өз ұлы Бөдүн өлтіріп, ол ғұн тәңір құты болды. Сөйтіп Бөдүн б.з.б. 209 жылдан б.з.б. 174

жылға дейін билік жүргізді. Мемлекеттің билік аппаратын бекемдеп, әскери әкімшілік тәртіп орнатты. Алдымен Шығыс ғуды (тұнғыс нәсілді ежелгі этнос) бағындырыды. Одан соң батысындағы нәтшені қуды. Терістікегі: леубан, бағиян (ақ қойлы) хандықтарын қаратты. Чин патшалығы тартып алған ғұнның ежелгі іелігін – (Сарыөзеннің түстік алабы яғни Ордос өнірін) қайтарып алып, бір мезгіл қатты дәурендерді.

Нәтшелер бұл кезде Келентаудан (қазіргі Ләнжу қаласының батысынан) Даҳатага (Дүнхуан) дейінгі Хыши аңғарын мекендейтін. Б.з.б. 205-202 жылдар араптыңда Бөдүн тәңіркүт соғыста нәтшени жеңді. Осыдан бастап нәтшелер батысқа, Жонғар ойпатына көшеді. Атамекені Келентауда қалған аз бөлігі «кіші нәтше» атасып, кейін келе Чинхай қияндарына сіçіп кетеді.

Леузаң тәңіркүт тұсында (б.з.б. 174-161 жылдары) ғұндар нәтшени үш рет талқандайды. Нәтшелер амалсыз сақтарды ығыстырып, Іле алқабына ауады. Содан көп өтпей үйсіндерден жеңілген нәтшелер Іле өнірін тастап, Сыр дәриядан өтіп, Өксүс (Амудария) бойына кетеді. Бактерияны талқандап, Балық қаласын астана етеді. Іле бойында қалған аз бөлігі сақтардың қалған бөлігімен қосылып, үйсіндерге қарайды. Сондықтан «Ханнамада»: «Үйсіндердің ішінде сақтардың да, нәтшелердің де нәсілі бар», – деп жазылған. (Қараңыз «Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер», 1-кітап, 130, 132, 133, 134-беттер).

Осы аталған кітапта қысқа да болса, қаңлы мен үйсінге қатысты түсініктер өте айқын, анық жазылған. Территориясы (жер аумағы) ашық көрсетіледі. Мәселен: «Дад-уан, көнеше «Даруан» болып та оқылады. Қазіргі оқылуы – Дауан емес, Да-иуан. Батыс жазбаларында «Ферғана» немесе «Пәрхан» - орта Азиядағы ежелгі мемлекет. Орны Памирдің батыс баурайындағы және Сыр дәрияның Ферғана ойпатына тұра келеді. Бұрынғы тұрғындарының көбі сақтар» («Қытай энциклопедиясы», қытай тарихы бөлімі, 95 бет), - делінген.

«Қанұлы (арғы замандағы оқылуы: Қаңғақ (Дұң Тұңхы), Каңғу (Беріхард), Қаңғар (Жоу Фагау), Каңға (Уаң Ли), Каңға (Го Шилиан), Кенгеріс немесе Қанғар (Сиратори) – батыс өнірдегі ежелгі мемлекет. Жерінің шығыс шекарасы Үйсінмен, батыс бөлігі Аорыспен, оңтүстік өнірі үл Нәтшемен, шығыс-оңтүстік шекарасы Дад-уанмен жапсарлас. Өркендереген кезінде қазіргі Балқаштан Арап теңізіне, оңтүстіктегі Аму дәрияның солтүстік алабына дейінгі жерлерді қамтыды. Астанасы – Бетен қаласы («Сыхай», бір томдығы, 968 бет.)

«Үйсін, арғы замандағы дыбысталуы: Асуын (Дұң Тұңхы), Өсүн (Беріхард), Ағсүн (Жоу Фагау), Асуын (Го Шилиан); Тұрпан текстерінде: Ұйсүн, Асиен деп жазылған; кейінгі кездегі оқылуы; Ұсүн – ежелгі ұлыс әм этнос. Қазіргі зерттеу нәтижелеріне қарағанда, үйсіннің түп-тұқияны сонау Шан, Жоу хандықтары

заманындағы Гүнрәй, Ғұннұм (Гұннұң) тайпалары деп есептелуде. Зерттеушілдердің көбі үсін тілін Алтай тілдерінің түркі тілі ұсына жатқызады. Үйсіндер б.з.б. екінші ғасырдан бұрын Келентау, Дахата (Дұнхуан) аралығындағы аумақты мекендейген. Кейін Нәтшелер күйреткендіктен, үсін ұлысы ғұндарға бағынды. Леузан тәніркүт түсында (б.з.б. 174-161 жылдары) ғұндардың сүйеуімен батысқа көшіп, ұлы Нәтшеге шабуыл жасады. Ұлы Нәтшелер түстікке кетуге мәжбүр болып, Бактерияны бағындыры. Үйсіндер олардың қонысын басып қалды. Сондықтан үйсіндер ішінде сақтар да, ұлы Нәтшелер де болды. Үйсіннің Іле, Ыстықкөл бойына келгеннен кейінгі астанасы – Чекүк (яғни Қызылалқап, Қызыланғар. Бұдан бұрын «Қызылқорған», «Шығушен» деп те аударылып келді). Жаң Чиан батыс өнірге елші болып барғаннан кейін үйсіндер Хән әулетімен құдаласып жеккет болды. Шуанди патша салтанат құрған жылдары (б.з.б. 60 жылы) батыс өнір басқа тығына қарады. Б.з.б. 53 жылы Чаң Хұй қатарлы үш адам аламанбасы Чекүкке келді. Екінші ғасырдың соңында Сәнбе, тәртінші ғасырдың басында Тағбаут тайпаларының шабуылына тап болды. Оңтүстік және солтүстік патшалықтар түсында түстікке кетіп, Қөгарт (Памир) тауларына ірге тепті және солтүстік Уи патшалығымен жи қарым-қатынас жасады. 437 жылы Уи патшасы Тәй-у Үйсін ордасына елші жіберді. Лиау патшалығы түсында (б.з.938 жылы) Іле алқабында қайтадан үйсін ордасы шаңырақ көтерді. Кейінгі кезде үйсіндер қазақтың ұлы жүзіндегі негізгі тайпа болды» («Шыңжаң тарихи сөздігі» 75.б.). «Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер», 1-кітап, 217-218 б.).

«Чекүк қаласы – ежелгі үйсін ұлысының астанасы. Бұл қаланың орны туралы екі түрлі меже айтылып жүр. 1. Қазіргі Ыстықкөлдің шығыс оңтүстігінде; 2. Текес аңғарында яғни Мұнғұлқуреде. Кейінгі кезде бұл екеуін де мойындал, Ыстықкөлдегісі қыстық орда, Мұнғұлқуредегісі жаздық орда деушілер де көбейе бастады. Ең алғаш Жаң Чианның мәлімдеуі бойынша қытай тарихнамаларына жазылған бұл қаланың аты түрліше жорамалмен аударылып (айтылып) жүр. Мысалы, «Қызылқорған», «Шығучен», «Шығу қаласы» т.б. Оның қазіргі оқылуы – Чігу. Ал мағынасы – «Қызыл алқап» немесе «Қызыл аңғар» дегенді білдіреді. Бірақ мұның сол заманда мағыналық аударма бойынша хатқа түсүі екіталай. Сондықтан, ежелгі оқылуына жүгінсек, «Чігу» дегеніміз аргы заманда ... харыбы лүк, күк болып екі түрлі оқылатындықтан, «Чігуді» Чекүк, Чеклүк, Текүк, Тиаглүк, Тиагүк деп әр түрлі айтуға болады. Осыған мензес аудармада «Чекүк» түрінде қолдандық – ред.» («Қытай тарих-намаларындағы қазаққа қатысты деректер», 1-кітап, 366 бет).

Байқап қарағанда, осы біз сөз етіп отырған тарихи кітаптағы үлкен-үлкен текстерден гөрі кейбір жеке сөздерге берілген түсініктер

(сноск) тарихи шындыққа жақын сияқты. Мысалға осы текстегі «Дай» деген атаяға берілген түсінікті алып көрелік. «Дай (көнеше оқылуы: Дад-иек немесе Дариек) – ертедегі ел Бұл жөнінде «Тарихи жазбалардың түсіндірмелі толық аудармасында»: «Дай – шағын мемлекет. Орны Аму дәрияның төменгі алабында. Батыстың тарихи кітаптарында айтылатын Дае болуы мүмкін» (3199-бет), – дейді. Ал бірсынша ғалымдар Дайды осы күнгі қазақ Адайының арғы тегі дейтін көрінеді. Мұнысының да жаны бар сияқты.

«Қытай энциклопедиясы», Қытай тарихы бөліміндегі «Қаңлы» мақаласында – (331-б.): «Логанток – Қаңлының қысқы ордасы және қонысы. Орны – Сыр бойында. Ал «26 тарих сөздігінде» Логантокты Шыршық өзенінің аңғарында деп көрсеткен. (909-б.).

Бетен қаласы Қаңлының жазғы астанасы. Орны шамамен қазіргі Ташкент немесе Шымкент маңында (жоғарыдағы кітап, 331-б.).

«Шынжаңың жергілікті тарихында» көрсетілуінше, Қаңлы ханының жазғы қонысы Балқаш көлі мен Арап теңізінің аралығында болған (37-бет). Көріп отырысыздар, бұл бүгінгі біздің ұғымымыз бойынша бөле-жаруға келмейтін бір-ақ аумақ.

Енді мына бір деректерге назар аударып көрелік. «Қасөк, Касег-Көгарт (қазіргі Памир терістігімен қанаттас ежелгі ел. «Иүйгүң» деген кітапта: «Құрым, Секше (Жоу хандығы тұсында қазіргі Чинхай өлкесінде өмір сүрген этнос. Тағы бір аты: секше нұмдары. Хән Патшалығы дәүірінде «Секше қиян» немесе «Факиок Қиян» деп те атапған) Қасектар батыс нұмның тармақтары» деп жазылған. «Хәннама. Жағырапиялық дерегінде» «Қасөк» түрінде жазылған. Сүй патшалығы тұсында «Пуатған елі» деп аталағы. («Сы-Иуан» бір томдығы, 996-бет. Шаң-Ұ кітап сарайы, 1989 жыл, Бейжін) деп жазылған «Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер» атты 1-кітаптың төртінші бетінде берілген түсініктегі.

Осы тарихтың айтуынша Қаңлыда бес кіші хан болыпты. Соның бірі Сағай хан (Қазақ хан) екен. Ордасы Сағай қаласы. Ол көнеше: Катзәк, Кәзәк немесе Қазақ болып, уш түрлі оқылып келіпті. Орны қазіргі Өзбекстандағы Самарқандың түстігіне ала Шәһрисабіз өнірі екен. «Билік ғибратнамасы сөздігі» 1-том, 631-бетінде осылай көрсетілген айтылған. Осы деректерді оқып отырғанда көнекөз қариялардың Самарқандың көк тасы туралы айтатын азыз-ертеғілері еріксіз еске түседі. Өйткені, мұндай әңгімелердің қазақ арасында ежелден-ақ жиі айтылатыны тегін емес сияқты. Олайы, бұл әңгіме біздің бала кезімізде ауызша айтылғанымен, соғы кездері жазу-сызу мен ақпараттық техникалардың ағыны астында қалып, ұмытыла бастаған-ды.

Қытайдың ежелгі тарихында «Батыс өнір» деген атая бар. Ол туралы біз сөз етіп отырған кітаптың «Ханнама, 96 бума, Батыс өнір (1) баяны (1)» деген бөлімінде берілген бірінші түсініктегі: «Батыс

өнір – тарихи жағырапиялық атау. Қытай тілінде «Батыс өнір» деген сөз б.з.б. 80 жылдардың бас шенінде жазылған Хуан Куаннның «Тұз, темір туралы» деген кітабында көзігеді. Кейін «Хәннамаға» тұңғыш тарихи-жағырапиялық атау (топоним) ретінде енгізіліп, содан бері қытай және шетелдер тарихында кең әрі тар мағынасында екі түрлі қолданылып келеді. Оның тар мағынадағысы 1884 жылға дейінгі Шыңқаң әлкесін («Шығыс Туркістанды») мәңゼйді. Кең мағынасындағы батыс өнір, яғни батыс әлемі Шыңқаңмен қоса Азияның орталық, батыс бөлігін, Үнді түбегін, шығыс Еуропа мен терістік Африканы қамтиды («Шыңқаң тарихи сөздігі», 167-бет). Иүй Тайшан жазған «Батыс өнір тарихында»: «Кең мағынадағы батыс өнір орталық Азияны мәңゼйді делінген (1-бет)», – деп көрсетілген. (Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер», 1-кітап, 613-бет). Ал Қытай тарихшысы Сымба Биау «Хәннаманың жалғасы» деген кітабында: «Хән Айди, Хән Пинди заманына келгенде батыс өнір бөлшектене келе 55 ел болды деп жазған. («Хәннаманың толық аударма» 5-том, 3870-бет), – делінген.

Осы сөз етіліп отырған кітаптың 666-бетінде қаңлы елі туралы тағы мынандай сипаттама берілген. Енді соны оқып көрелік. «39. Қаңлының батыс терістігінде шамамен 2 мың ли (1 ли 500 м.) қашықтықта Aорс (Әмсай) елі тұрады. Бұл елдің 100 мыңнан аса оқшысы бар. Ғұрып-салттары қаңлымен ұқсас. Бұл ел жағасы жайдақ телегей теңізге тақау орналасқан. Аңғары ол солтустік теңіз болса керек.

Қаңлыда 5 кіші хан бар. Оның бірі – Сағай хан (қазақхан). Ордасы Сағай қаласында. Бұл басқақтықтан 5 мың 776 ли, Иаңгуаннан 8 мың 52 ли шалғай. Екіншісі – Бемік хан (Кашания). Ордасы Бемік қаласында. Басқақтықтан 5 мың 767 ли, Иаңгуаннан 5 мың 25 ли шалғай. Үшіншісі – Рауник хан (Ташкент ханы). Ордасы Рауник қаласында (Бінкенітте). Басқақтықтан 6 мың 296 ли, Иаңгуаннан 7 мың 525 ли шалғай. Төртіншісі – Ге хан (Бұхар ханы). Ордасы Ге (Бұхара) қаласында. Басқақтықтан 6 мың 296 ли, Иаңгуаннан 8 мың 555 ли шалғай. Бесіншісі – Оган хан (Үргеніш ханы). Ордасы Оган (Үргеніш) қаласында. Басқақтықтан 6 мың 906 ли, Иаңгуаннан 8 мың 355 ли шалғай. Осы 5 кіші ханның бәрі Қаңлы ханның билігіне бағынады». «Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер», 1-кітап, 606-б.). (Басқақ – мәнсап (көнеше оқылуы – Дығақ. Бас бақылаушы деген мағынада. Хән Шуанди кезінен бастап батыс өнір басқағы қойылды. Бұл батыс өнір елдерінде тұратын ең жоғары лауазым иесі есептелді) (Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер», 1-кітап, 414-бет).

Бұлар қазақ атаяу туралы соңғы кездері Қытай тарихын зерттеушілердің тапқан қазаққа қатысты деректері. Қазақ туралы енді бір дерек тарихшы Құрбанғали Халидидің Қазандары «Өрнек» баспасынан 1910 жылды жарық көрген «Тауарих хамса» («Шығыстағы

бес елдің тарихы») атты еңбегінде «Қазақ және қазақ хандары» деген бөлімінде сөз болады. Сонда «Қазақ» деген атау туралы талай тарихшыларға қарағанда біршама кең тоқталады. Шамашарқынша талдау жасап, өз пікірін де айтып отырған. Енді соның негізгі-негізгі деген жерлерінен үзінді оқып көрелік.

Қазақ атауы туралы

Бірінші сөз

«Қазақ» деген атау жайында әр түрлі талас, тұжырымдар бар. Кейбіреулер «қазақ» сөзі «қашақтан» өзгерген. Шыңғыстың үрпағынан бір ханзада бірі қашып, қасына жас желікпе елгезектерді ертіп, жол тосып, керуен тонап, тау-даланы кезіп кетіпті. Тұрақты орны болмай, үнемі қашып жүргендіктен бұлар «қашақ» атандып, соңынан бұл сөз «қазақ» делінген сөзге өзгеріпті». Тарихшы бұлай деушілердің пікірлерін жан-жақты талдай келіп, жоққа шығарады. Содан соң өз пікірін ұсынып: «Ноғай тілінде «қазақ» деген сөз «бойдақ, салт» деген ұғымда қолданылады. Мысалы бір кісі қазага жолығып, мал-мұлкінен айырылып, өз басыға қалса: «Қазақ ғына башы қалған, бала-шағасы жоқ кісіні: «Қазақ ғына башы иұр», - дейді. Осындай сөз бүкіл бір рұлы елге лақап болып кеткен десе, орындырақ болады», – дейді.

Екінші сөз

«Қазақ» сөзі хайсақтан өзгерген. Мұнғұл тілінде шекара қорғауышы мағынасында. Бұл ел отырықшы елдің төңірегінде айналып жүргендіктен хайсақ атандып, одан қазаққа өзгерген делінеді». Тарихшы «қазақ» сөзіне тілі келмеген халықтардың, мәселен қытайдың: «хайсаки, хаса, хайсай, хасак» деп сан түрлі ататынын мысалға келтіре отырып, мұндай жорамалдарды да құптамайды.

Үшінші сөз

«Қазақ» «хазлах» деген сөзден өзгерген. Ескендір Зұлқарнайын Яжүж-Мәжүжді қорғаның ішіне қалдырып, түркі халықтарды сыртына тастапты. «Төрік» арабша тастау деген мағынадағы сөз. Түркілер қорғаның сыртына тасталғандықтан «түрік» атанды. Осы сыртта қалғандар бірталай тайпа болып, соның біреуі «хазлах» екен. Осы сөз заман өтуіне байланысты өзгере-өзгере «қазақ» дегенге ауылты немесе бастапқы «қазақ деген сөзді арабтар өз тіліне сәйкестіріп, «хазлақ» деп жазған болуы да мүмкін делінеді.

Атақты саяхатшы және тарихшы Ибин Халдұн (араб): «төртінші ықылымның төртінші бөлігінің батыс жағында, Перғана, Шаш мемлекеттерінен басқа, Түркістан қауымынан хазахия елінің жері оңтүстік жағында болады» деген, сондай-ақ кимакия тайпасы деп жазғандарына қарағанда, бұлар осы қазақ, қалмақ болмасын деген

ойға келеді. «Қалмақ» ежелден «кимак» атанип, кейін «қалмақ» дегенге өзгерген болуы мүмкін. «Жағрапия қәбир» деген кітапта «кимак» дегеніміз «қалмақ» делінуі менің жоғарыдағы ойымды қүшійтеді».

Тертінші сез

«Қазақ» «қазаға» немесе «хазаха» деген сөзден өзгерген, бұл екі тайпа араб болады. Хамир bin Сиба деген елдің көпшілігі Йемен жерінде жасалған. Йеменде Силұлхарам деген үлкен сел жүріп, бүкіл ел апатқа ұшырағанда, тайпалар алды-алдына кеткен. Қазаға, хазаха тайпалары Tahama, Жижаз жеріне көшіпті. Жан сақтау үшін осылардан белініп кеткен тайпалар түрік-татарлармен араласып, татардың бір бөлігі болып кетіпті, бұлар қазаға, хазахалар еken, ақырында «қазақ» болып кетіпті дейді. Бұл сөзді айтушылар қазақтың қуанғанда өлең, қайғырғанда наза, өлім-жітімде жоқтау айтатыны, атақты кісілдердің, үлкен адамдардың атын атамай, тергеп айтуы; дау-шар айтыстарда сөз салыстырып мақтануы, кемсітіу, қорғауы, көтермелөуі сияқты әдет-ғұрыптарына қарап және араб тайпаларының атымен қазақ сезі үйқастау, жақын келгендіктен, осылардың ата тегі араб болар деген ойды алға қояды. Жоғарыдағы әдetteр арабтарда да бар».

Бесінші сез

«Қазақ» «қызы» деген сөзben «ақ» деген сөздің қосындысы» дейтіндер де бар...», – деп автор ел аузындағы толып жатқан аңыз әңгімелерден мысал келтіреді. Мысалы, соның бірі заманында көрген түсі арқылы екіқабат болып қалған бір патшаның қызының үятқа шыдамай елден кетіл, дала кезген аңшыға кезігүі, ол қызды үйіне әкелгенде елінің: «Бәрекелде, қыз-ақ еken! Бұдан артық қыз не болсын, шіркіннің сұлұы-ай» дегендіктен, бұл сез қызға ардақты есім болып қалыпты. Ұрпақтары анасына қарай «қызақ балалары» деп атанипты. Кейін келе «балалары» деген сез қалып, «қазақ» деген сезге өзгеріпті.

Алтыншы сез

«Енді біреулер «қазақ» деген есім «Қази-ақ» деген сөзден өзгерген дейді. Бұлай деушілер: бұл елдің тегі татар-мұнғұл хандары Шыңғыс ханның ұрпағы. Шыңғыс ұрпақтарынан алдымен Берке хан ислам дініне кірген, һижраның жеті жүзінші жылдары кезінде Фазан хан мұсылман болды. Бұл екеуінің тұқымы әр жерде мұсылман хан болысып етісті. Осы ұрпақтың ішінде ең атақтысы Өзбек хан еді. Бұл ханның бүйрығы және үкімі арқылы мұнғұл татарлардан мұсылман болушылар көбейді дегенді көлденең тартады.

Өзбек хан өлгеннен кейін баласы Жәнібек хан болып, ислам дініне кірген көшпелі татарларды үшке бөлді. Ұлы жүзге үйсінді бастық қойып, Жалайыр деген кісіні оған орынбасарлықта бүйірді, Орта жүзге Арғынды бек сайлап, найманды оған көмекші етіп бекітті, Кіші жүзге Алшынды би қойып. Жаппасты оған жәрдемші етіп

белгіледі. Бұйрықты қолдарына ұстатқан соң, жылына екі рет ханның алдына келіп, ел жағдайынан хабар беріп, істеген жұмыстарын орда мекемесіне тіркең тұруға өмір берді. Бұлар жарлықты қабыл алып, Еділ-Жайық, Есіл-Нұра, Арап-Жым аймақтарында көшіп-қонып жүрді. Ханның белгілеген мерзімдерінде өзара істеген істерін, болған оқиғаларды ханға баян қылғанда, хан қасында отырған ғұламалары мен билеріне; «Бұлардың істеген істері шариғатқа үйлесе ме? Үйлессе бекітіп, теріс болса, ескерту беріп ұрысндар!» – дейді екен. Ханның қазы-мұптилері тексеріп көріп, шариғатқа үйлеседі деп пәтуа беріпти. Хан бұл биліктеге таңырқап: «Бұлар кітап оқымаса, шариғат жолын білмесе, өздерінің ақыл-оыймен айтқан биліктегі шариғатқа үйлесе қояр ма?» – депті. Ғұламалар үйлеседі екен депті. Хан ендеше бұларға қазы-мұпти керек емес, өздері «қазы-ақ» екен деп мақтау айтыпты. Ханның бұл сөзі заң болып орнап, «қазы-ақ» деген сөз кейін келе «қазақ» деген сөзге өзгеріпти».

Бұдан соң автор «ақ» шылауының қазақ тіліндегі қызметіне тоқталады. Содан соң әйгілі кісілердің бір ауыз сөзінің бір елге ат болып қалу салтының бұрыннан бар екенін айта келіп, басқа тұжырымдардан ғөрі осы тиянақты дегісі келеді.

Алайда мұны да жоққа шығаратын пікірлер баршылық. Қедімгі Сәбит Мұқановтың «Қазақ шежіресі» деген еңбегінде: «Алаш» деген сөзге, бұрынғы бір аңызда былайша түсінік беріледі. Аламан (барымтاشы деген мағынада да қолданылады) деген ханның бір ұлы анасынан алапес болып туыпты. Соны ұнатпаган хан, атын «Алаша» қояды да, қасына жұз жігіт қосып, шешесі мен Алашаны Ұлытаудан асырып тастайды. Содан ержеткен Алаша өз бетімен хандық құрап, ел болып кетеді. Алаша өлгенде Ұлытаудан ағатын Қара кенгір өзенінің бойына көміліп, қабірінің үстіне мазар салынады. Сол «Алаша хан» атты әдемі жасалған мазар Ұлытаудағы Кенгір бойында әлі күнге дейін қаз-қалпында сақтаулы.

Қазақта «Алаш алаш болғанда, Алаша хан болғанда» деген де сөз бар. Соның мағынасы ғылым жүзінде бертінде ашылып, Қазақстан Ғылым академиясының баспасы «Қазақстан энциклопедиясы» деген атпен шығарған кітапта белгілі тіл ғалымы Файнетден Мұсабаев «Кеген жазуы» деген еңбегінде тастан жасалған мүсінге және көне жазуға сүйене отырып, «калаш» және «алаша» деген сөздерге талдау жасайды. Файнетденнің баяндауынша қазақтың «алты алаш» деген сөзі – «алты ел» деген ұғымды береді деуі шындыққа жатады. Демек, қазақ сол алтаудың бірі ғана. Өзге бесеуі: қырғыз, өзбек, түрікпен, қарақалпақ және башқұрт. Бұлардың қазіргі аттары мен халық болып бөлінуі соңғы мың жылдың орта тұсынан басталады. Сондықтан қазақта бар руладың көшілігі оларда да бар. Кей халық өздері бағынған хандардың есімдерімен аталаған кеткен. Мысалы, өзбек, ноғай т.б.

Файнетденнің жорамалынша «Алаш хандығы» құрылып,

«Алаш» ханның билеуі, шамасы бұдан екі жарым мың жылдай бұрын болса керек», – деген ой-тұжырымы бар. Академик жазушының тілші ғалым Ғайнетденнің пікірін мақұлдауы тегіннен-тегін емес сияқты. Осыған мензес пікір жоғарыда біз қазақ туралы еңбегінен сілтемелер көлтірген тарихшы Құрбанғали Халидиден де кездестіруге болады. Бірак уақыт жағынан бұл пікірлер бір-бірінен өте алшақ. Айталақ, Құрбанғали Халиди «Тауарих хасада»; «Алаш деген атау жөнінде кейбіреулер былай дейді: «Алаш» Аланша ханға берілген ат. Аланша хан бүкіл ханның ата-бабасы.

«Алаш Алаш болғанда,
Аланша хан болғанда,
Қазақ, қалмақ, ногайлар,
Бәрі сонда бір болған.
Ынтымағы жарасып,
Жайқын (Амудария) көлдей бай болған.
Еділ Жайық, Оралды,
Өрлеп-құлдан жайылған.
Өзбек хан, Жәнібек өлген соң,
Тоқтамыс, Темір болған соң,
Ел ішіне жік түсіп,
Үш бөлек боп айрылған.
Қазақ, ногай қыбылада,
Мұсылманға жан тартып,
Дін үшін қатты қайтырған.
Қалмақ, мұнғұл бөлініп,
Көпірлігі білініп,
Күн шығысқа қайрылған.
Ежен Богди сонда деп,

Алтайды мекен-жай қылған», – деген ескі жырларға қарағанда, Аланша хан заманында «ногай», «қазақ», «қалмақ» деген атаулармен айрылмай, барлығы бір есімде, оның басқаруында болғандығы Тоқтамыс хан мен Ақсақ Темір дәүіріне шейін осындағы бір ханның қол астында аты затына сай бір ел болып келгендей, соңғы кездері әрқайсысы өз алдына бөлініп кеткендігі байқалады. Қазақ-қалмақ бір кісі, ногай-қазақ бір кісі делінетіні де осыдан», – деп жазады. Біздіңше, мұның бәрі кезінде ауызша айтылатын ақызы-ертеғілерге қарсы қояр нақты жазбаша деректің жоқтығынан болса керек. Алғы сөзі татарша, сірә, Қазанда басылған, алдыңғы екі беті жоқ, бір шежіре кітаптан көргенім бар. Шежіре Адам ғәләйхи үәс-сәламнан басталады. Мысалы былай: Адам ғәләйхи үәс-сәлам, Адам ғ.с.-дан – Шиш ғ.с., Шиштан – Аңұш, Аңұштан – Қинан, Қинаннан – Мәһлайыл, Мәһлайылдан – Бердін, Бердіннен – Ахнұқ, Ахнұқтан – Ідіріс, Ідірістен – Мұтушлақ, Мұтушлақтан – Ләмек, Ләмектен – Нұх.

Әбілғазының «Түрік шежіресіндегі» жазуы бойынша, Нұхқа

дайынгі осы аталған Адам Ата үрпақтары ұзақ-ұзақ жасапты. Мәселен, Адам Ата мың, Шиш тоғыз жұз он екі жыл өмір сүріп, жұмаққа кетіпти. Одан кейінгілері де аз жасамаған. Нұхтың өзі екі жұз елу жасқа келгенде Құдай тағала оны пайғамбар қылып, сол кездегі халыққа жібереді. Ол халықты жеті жұз жыл мұсылмандыққа үгіттейді. Ер-әйелі болып сексен адам иман келтіреді. Нұхтың тілегі бойынша осы сексен адам ол жасатқан кемеде тірі қалып, қалғандары Алланың әмірімен топан суға кетеді.

Біз көрген, қолдан бұтақталып, сзыылған шежіре осы Нұх пайғамбардың: Хам, Сам, Иафес деген үш ұлының үрпақтарынан басталады да, Қарахан ұлы Оғыз ханнан бірыңғай тере тұқымын таратып кетеді. Сейтіп Қөшімханұлы-Әшімханға жетіп тоқтайды. Содан Иафестен – Түрік хан, Түріктен – Тұтік хан, Тұтіктен – Елше хан, Елшеден – Деббақой хан, Деббақойдан – Күйік хан, Күйік ұлы – Алаңшехан, Алаңшеден – Татар, Мұңғұл (Осы тұста ескертке кететін бір жай бар. Әбілгазы «Монгол хан және оның Шыңғыс ханға дайынгі үрпақтары жайында» деген шежіресінде: «Монгол сөзі мұң және ол деген сөздерден шыққан, жүрттың тілі келмегендіктен – «Мұғұл» деп кеткен. «Мұңның» мағынасы қайғыға жақын, тунерген дегенге келеді», – деп жазған. Ендеше бұл ұлттың аты монгол емес, мұңғол Біз өз аузындағы дыбысталуы бойынша «мұңғұл» деп жазып жүрміз). Шыңғыстан Мұңғұлға дейін (аталған шежіре бойынша) 28 ата.

Ал «Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер», 2-кітап, 92-бетіндегі «Жоунама, 50-бума, 42-баянында»: «Түріктер ғұндардың бір тармағы. Науғысы – Ашына. Олар өз алдына ұлыс құрды. Кейін оны көршілес мемлекеті талқандады да, халқын түгел қырды». Енді осы араға тағы да ақыз килігіп, соғыста аяғын кесіп, далаға тастап кеткен баланы қасқыр асырағаны туралы айттылады. Ақыры сол бала Алтынтауды мекен етіп Нонеге темірші болады. Алтынтаудың пішіні дұлығаға келіңкірейді. Нөнелер дұлығаны өз тілдерінде «түрік» дейді екен. Сейтіп бұл сез олардың халық нәмі болып кетсе керек. Ал: «Түріктердің арғы аталары ғұндардың терістігіндегі сақ елінен шықты. Олардың ұлыс Абасы «Абам бек» деп аталды. Олар он жеті ағайынды еді... ұлken ұлы от шығарып, олардың бойын жылдытты, асырады және қолқабысын тигізді. Сонымен олар ұлken ұлды қошеметтеп, өздерінің билеушісі етіп сайлады. Бұған «Түрік» деген нәм берілді. Оның өз аты – Нағыт түрік шад еді», - делінеді. («Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер», 2-кітап, 92-93-94 беттер).

Тарихтағы жазбаға түскен ақыз бойынша да, тарихи дерек бойынша да «түрік» тым ертеде шыққан атау. Сол себепті оның қазақтан басқа да тармақтары жетіп артылады. Ал біз өзіміз ізіне түсіп іздел отырған қазақ атауына келсек, Қаңлыға қарасты бес ханның бірі Сағайдың иелігіндегі халықтың «қазақ» атануына

байланысты екені шындықта жақын. Мұны Құрбанғали Халидидің «Қазақ атауы туралы «үшінші» сөзі қуаттайтын сияқты. Уақыт жағынан алғанда тілші ғалым Файнетден Мұсабаевтан келтірген Сәбенәнің сілтемесі де сәйкеседі.

Қайшылық Түрік атауында. Аталған шежіре бойынша «Түрік» атауы тым ертеде шықкан. Ал «Қазақ ССР тарихы», 1-том, 332-бетіндегі: «Түрік» деген ат алғаш рет 542 жылды аталағы деп жазылған. Сондай-ақ мұны «Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер» атты кітаптың 2 томының түсінігінде «Түрік деген ат қытай тарихына 540 жылдан бастап жазылған. Алғашқы түрік қағанаты 599 жылды құрылды» дегендеген. Ендеше бүгінгі қазақ халқының құрамындағы: сақ, ғұн, қаңлы, үйсін, қыпшақ, найман, керей, Алшын, жаппас т.б. қалайша түркі халықтары аталағы жүрміз? Сонда не шежіредегі, не тарихтағы түрік туралы деректердің бірі етірік. Мұны анықтау тарихшыларымыздың міндеті болса керек.

“Шипагерлік баянның” Қазақстанға танылуы туралы аз сөз

“Түркістан” газеті өзінің алғашқы сандарынан бастап осы бір ғұлама ғалымының еңбегін наихаттап, танытуға халының жеткенінше күш салып келе жатқаны оқушылардың барлығына белгілі болса керек. Мәселен, ең алдымен “500 жыл жарық көрмеген” деген атпен Шинжанда осындағы бір ғұламаның “Шипагерлік баян” атты ғылымнамалық еңбегінің қолжазбасы табылғандығы жөнінде хабар бердім. (“Түркістан”, 15 ақпан, 1994 жыл №3).

Бұдан соң іле-шала осы қолжазбаны алғаш оқып, жүйелі пікір айтқандардың бірі, журналист, аудармашы марқұм Әзімхан Тышанұлының Шинжанда шығатын “Мұра” журналының 1993 жылғы 3-4 санында жарияланған “Байырғы мәдениет көгінен жарқ еткен бір шұғыла” атты көлемді мақаласын нөмірден нөмірге жарияладым. Соған орай редакциямызға жан-жақтан хат та келіп түсе бастады. Сонын бірі Қызылорда қаласының түрғыны Айжарық Сәдібеков. Ол “Түркістанның” осы мақала жарияланған бір санын ала алмай қалғанына өкініш білдіре отырып, хат жазып сұраған еді. (Бұл мақала “Түркістанның” 1994 жылғы 10.15.29 – наурыздағы 5,6,8-сандарында жарияланған).

Бұдан соң жүрттың ықыласын аударған “Шипагерлік баяннан”

қолымызда бар үзіндіні (Шинжанда шығатын "Дәрігерлік білім" журналының 1991 жылғы 4-санынан алғып) жариялай бастадық. Мұнда осы қолжазбаның бұған дейін қалай сақталғаны туралы ең соңғы мұрагері Нұртай Тұменбайұлының айтқандары мен әкесі Тұменбай Үстенбайұлының өсietнамасында, алдына түсінік жаза отырып, берген болатынбыз.

Осы орайда айта кететін бір жайт бар. Ол "Шипагерлік баянын" жазып отырып, адамдардың тұғыр, тұрағына байланысты өзгешілігіне мысал ретінде: "Өзімді алғып айтсам, атым – Өтейбойдақ, Тілеуқабылдың ұлымын. Ата-тегім Ұлы жұз, зарман, зарман ішінде – Албан. Мекенім – Жетісу. Ауылымда құрбы-құрдас, таныс-білістерім аз емес. Жан анда Жиренше шешен, Жәнібек ханның қараашасынын. Жылым – иртек. 85-ке келдім. Бойым ұзын, қараторы, қоңқақ мұрынды, кең иықты, қаба сақалды, ұзын қасты, кем сөзді жанмын" ("Шипагерлік баян" 36-бет), – деп өз суретін өзі сөзben салып кеткен екен. Мұны әз Жәнібек хан: "Жарайсың, жарайсың қара үзген шипагер, шипагерліктен қара үзіп шыққан Өтейбойдақ. Көзің тұр шсқша жайнап. Өнгер (өнер), үлгінді титтей қалдырмай, жасырып-жаппай, бұкпесіз, толық жазып шық" ("Шипагерлік баян", 12-бет), – деп толықтырыпты. Міне, осы деректерге сүйене отырып "Түркістан" газетінің бас суретшісі Еркін Нұразханов Өтекеңнің суретін сызған болатын. Бұл сурет газетіміздің төрт-бес санында (1994 жылғы 19, 26 көкектегі, 31 мамырдағы, 12 қазандағы) қатарынан жарияланды да. Сонда газет ұжымы уақыт жағын ойластыра келіп, ("Керім жігіт басына сәлде орайды" деген халық әнінің жолдарын ескере отырып) Өтекене сәлдені лайық көрген едік. Дәл осы сөзге сүйене отырып Шинжандақ суретші Манат Жанымханұлы сызған Өтекеңнің суреті "Шинжаң ғылым – техника, деңсаулық сақтау" баспасынан шыққан "Шипагерлік баянның" алғашқы бетіне беріліпті. Басында Жетісудың осы күнті шалдары киетін сусар берік. Екі суреттің басты айырмашылығы осы ғана. Біздегі нұсқада сақалы сәл ұзындау. Ал бір адамның сақалы тірі кезінде ұзарып, қысқарып дегендей, сан өзгеріске түсіу әбден мүмкін фой.

Бұл бірін-бірі білмейтін екі суретші сызған бір суреттің ұқсастығы мен аздаған айырмашылығын тәтпіштеп отырган себебім мынада: жоғарыда айтқанымыздай редакциямызға "Шипагерлік баянның" жалғасын сұраған хаттар келіп түсे бастады. Содан соң "Түркістан" газетінің бас редакторы, халық жазушысы Қалтай Мұхамеджанов редакция ұжымымен ақылдаса келіп, мені іс сапармен Шинжаңға жіберіп алу жағын да қарастырды. Бірақ мен кейір кездейсоқ себептермен бара алмай қалған едім. Алайда "Шинжаң ғылым-техника, деңсаулық сақтау" баспасы шығарғалы жатқанын, амандық болса жақында қолымызға тиетінін дәмелі едік. Ойлағанымыздай-ақ атаптап баспадан шыққан "Шипагерлік баян" көп ұзамай редакция ұжымының қолына тиді. Бұл жөнінде біздің мұқтажымызды дер

кезінде өтегісі келген кәнігі журналист марқұм Айтан Нұсіпхан қолына тиген алғашқы кітабын бір түнде оқып шығып, шетіне: "Атабабамның мына ғажайып мұрасымен танысып шықкан соң, осындай үлді дүниеге әкелген халқымның ұлылығына енді менде ешқандай шубә қалған жоқ", – деп жазып қолма-қол редакция ұжымына табыс етті. Біз бұл жөнінен Айтанаға рақмет айтқанбыз. Өйткені осы кітап қолымызға тиісімен кириллицаға түсіріп, кітап етіп шығаруға дайындалып отырғанбыз. Әлгі айтылған суретті (Еркін Нұразханов сыйзған) пайдаланып, қолда бар үзінділер мен мақалалар бойынша болашақ кітаптың сұлбасын дайындалат та қойғанбыз. Енді Құдай қаласа, "Шипагерлік баянды" күтіп отырған Қазақстандағы қалың оқырманның қолына тигізуге асыққанбыз. Десек те, бұл міндет "Жалын" баспасы тараапынан орындалғаны баршаға мәлім. Ол өз алдына ұзақ әңгіме.

Сонымен "Шипагерлік баян" бес ғасырдан кейін туған топырағына қайтып оралды. Олай дейтініміз "Шипагерлік баян" әз Жәнібек ханның жарлығымен жазылыпты. Ал хан ордасының Шуда болғаны тарихтан белгілі. Алайда қазақ жерінің қазір қайсы елде қалған пұшпағы болса да бөле-жаруга келмейді. Оған бүгін сөз етіп отырған Өтейбойдақ атамыздың ізі дәлел. Ол кісінің өз кезінде: Омбыда, Нұрада, Торғайда, Сыр бойында, қазақ даласының тағы басқа жерлерінде болғаны "Шипагерлік баянында" көрініп тұр. Бүгін сол атамыздың Қазақтың кең байтақ даласын көзіп жүріп жиған (жазған) мол мұрасының жұқанасын болса да қолға тигізуге асыққан Шинжаңдағы қазақ зиялыштарына, оларға бас-көз болған ел ағалары: Жәнәбіл Смағұлұлына, Диляр Құрмашұлына, Төлеухан Ұбырайұлына, Тоқтасын Батырқанұлына, Әуелхан Қалиұлына ол туралы алғашқы мақала авторы Әзімхан Тышанұлына және "Шинжаң ғылым-техника, деңсаулық сактау" баспасының ұжымына Қазақстандағы қалың оқырман қауым атынан "Түркістан" газетінің ұжымы да рақмет айтады. Сондай-ақ ортақ куанышымыз құтты болсын дейміз!

Алайда оқушыларымыздың есіне мына бір өкінішті жайды да сала кеткеніміз жөн шығар. Түп нұсқаны 1968 жылы "Қызыл қорғаушылар" өртеп жібереді. Содан қазіргі кітап болып қолымызға тигені 1095 беті ғана екен. 3655 беті өртеніп кеткен. Оның үстінен 1952 жылы Тұменбай Ұстанбайұлы алтыншы рет қазіргі тілімізге аударып көшіргенде шығармадағы бәйттерді аударуды қынсынып, тастап кетіп отырған. Әсіреле кітаптың жауапты редакторы Қаби Ұбырайұлы Жуанышевтің: "Әттең, қолжазба 1050 түрлі дәрі, 4577 рецептімен қоса, толық табылар болса, жалғыз қазақ даласы ғана емес, дүние бір сілкініп, медицина ғылымы жайран қағар еді. Қолжазбаның толық жинағы осындай кітаптан 7-8 болар еді", – дегенін оқығанда ішіміз үдай ашыды. Кітаптың әр жерінен жоғалған беттердің санын көргенде де осындай сезімде болдық. Алайда,

соның өзінде де бар қазақты қуантарлық асыл мұра екені көрініп түр. Алдағы уақытта осы кітаптың ұрымтал-ұрымтал тұстарын газетімізде жариялап отырамыз.

Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы – бар қазақтың мақтанышы

Орыстың Владимир Зотов деген бір оқымыстысы: "Ортағасырда мұнғұлдар сияқты тарих ғалымдарын өзіне баураған бір де бір ұлт болған жоқ деп айтуға болса, мұнғұл ұлты сияқты өмір шындығын шынайы бейнелейтін "Құпия шежіре" сияқты тарихи естелік жазып қалдырған ешбір көшпенді халық та жоқ деп айтуға әбден болады", – деген екен. Айтса, айтқанындай-ақ емес пе еді. Түркі тектес халықтардың бәріне ортақ мұраларымызды малданып көніл жұбатқанымыз болмаса, "мынау біздікі" дегендे дау туғызбайтын ештеңеміздің болмай келгенінің несін жасырамыз. Орыстар Х ғасырдың ескерткіші "Игорь жасағы туралы жырды" ертедегі әдебиетіміздің класикалық үлгісі десе, грузиндер XII ғасырдағы Шота Руставелидің "Жолбарыс терісін жамылған батыр" дастанымен мақтанады. Әрине, бұл жерде қытай мен гректер сияқты елдерді ауызға алып жату артық болар.

Жоғарыда ескерткеніміздей, 1917 жылдың "шапағатына бөлenegroнше" жаппай сауатсыздық жайланаған наған халық атанип келгенімізге және оған әбден мойынсал болғанымызға – осыған дейін жазып келген тарихшыларымыздың, зерттеушілеріміздің, қалам ұстаған бәріміздің өз шығармаларымыз күө. Қалай қашқанмен, құтыла алмаймыз, қалай ақталғанмен дәлелдей алмаймыз.

Бұдан бізді құтқаратын күш – соңғы кездері әр жер-әр жерден қадау-қадау табылып жатқан заттай және жазбаша мұраларымыз. Солардың бірі және бірегейі – Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының "Шипагерлік баян" атты кітабының қолжазбасы. Біздің қазіргі тілге аударғанда "Медицина тарихы" деген сөз.

Оқырмандарымызға ең алдымен ескертіп қоятын бір жай – Өтейбойдақ шипагер адам болған. "Шипагерлік баян" – таза шипагерлік, дәрігерлік саланы баяндауға арналған ғылыми еңбек. Бірақ таза қазақ тілінде жазылған. Мұның Әбу Нәсір Әл Фараби, Жұсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари немесе Қадыргали би Қосымұлының "Жылнамалар жинағы" сияқты еңбектерден басты айырмашылығы да осы. Екінші жағынан, ешбір зерттеушіге жұмыс қалдырып кеткен. Мәселен, аты – Өтейбойдақ. Тілеуқабылдың ұлы. Ата тегі – Ұлы жұз зарман, зарман ішінде албан. Мекені – Жетісу. Ауылында құрбы-құрдас, таныс-блістері әз емес. Жан анда дос/ Жиренше шешен, Жәнібек ханның қарашысы. Жылы – иіртек ұлу/. 85-ке келген. Бойы ұзын,

қараторы, қонқақ мұрынды, кең иқты, қаба сақалды, ұзын қасты, кем сөзді адам.

Ііртек – ұлу екен. Сол бойынша есептегендеге 1397 жылы туған. "Шипагерлік баянын" Әз Жәнібек ханың жарлығы бойынша 1467-жылы (70 жасында) жаза бастайды. 95-ке келіп қайтыс болыпты. Осы жасының ішінде үйленбеті. Сірә, Өтей атына "бойдак" деген тіркеменің қосылуы да содан болса керек. Өйткені кіндікtes інісінің аты Топай екен. Өлерінің шағында, "Қол ыласы дәүлетке, ылас нілі сәүлетке қызықтай", ғылымның соңына түскен ғалым тірнектеп жиған мол қазынасын – "Шипагерлік баянын" осы Топайға қалдырады.

Бұдан кейінгі мұрагерлөрінің жазып қалдыруына қарағанда, соңғы рет ғижиранның 1170 жылы, яғни 1792 жылы арғы атасынан сақталып келе жатқан жалғыз данасын бесінші рет мұрагері Бұршақ би көзбе-көз көріп отырып көшіртіп, теңестіріп (салыстырып) болған соң, әр бетін бірден өртеп отырады. Бұдан соң ата жолы бойынша ең соңғы мұрагері Нұртайдың әкесі Тұменбай Үістанбайұлы осыдан шамамен 40-50 жыл бұрын қайта көшірткен. Содан соң ендігі жерде "балама түсініксіз болады-ау" деген кейбір сөздерге түсінік берген. Қолжазбаның қазіргі бізге жеткен нұсқасы осы.

Бұл асыл мұраны Нұртайдың Тұменбайұлы баспа орындарына 1990 жылдары тапсырса керек. Содан бері бірқатар сыннан өткенге үқсайды. Ақыры ғылымнамалық (энциклопедиялық) мәнге ие, бар қазақтың мақтан етуіне тұрарлық ұлы дүние екені анықталған. Бұған осы қолжазбаның ең алғашқы оқушыларының бірі шинжандық журналист, аудармашы марқұм Әзімқан Тышанұлының өмірінің соңында жазған "Байырғы мәдениет көнінен жарқ өткен бір шұғыла" атты мақаласын оқыған адамның көзі әбден жетеді.

Аталған мақаладағы қолжазбаның өзінен көлтірілген деректерге сүйенсек, "Шипагерлік баян" – жеті кітаптан тұратын үлкен еңбек. Бұл жөнінен Әзімқан Тышанұлы өз мақаласында: "Шынына келгенде, өз алдына толық медициналық ғылыми жүйесі, өз алдына толық ғылыми атаву, өз алдына бір тәбе толық дәрітану ғылыми бар, қазақ шипагерлік білімінің үш шың, алты белесі деп аталатын, медицина салаларының баршасын қамтитын дәү ғылыми еңбекті талдау арқылы түсіндіру мүмкін емес", – дей келіп, адам денесінен шығатын тердің өзін 9 түрге бөлгенін мысалға көлтіреді.

Ол – ол ма, "Шипагерлік баянда" жасалу жолдары мен қолдануы анықталған дәрілердің ұзын саны 1384 екен. Мұның жетпіс неше түрі металл-металойдтан, 859 түрі есімдіктен, 455 түрі жан-жануардан алғындыпты. Қазіргі медицина ғылымының тарихында шешекке қарсы егуді алғаш тапқан ғалым ағылшын Эдуард Женнер көрінеді. Ол түңғыш рет 1796 жылы шешекке қарсы ваксина еккен делінеді екен. Ал Өтейбойдак Тілеуқабылұлы шешекке қарсы ваксина егуді бұдан 350 жыл бұрын қолданыпты.

Ендеше: "Содан бері қайда жүріпті бұл жаңалық ел арасына

тарап кетпей?" – дейтіндер де шығуы мүмкін. Енді сол туралы аз аялдай кетейік. Өтейбойдақ ауырып қалған өзінің жан досы Жиренше шешенді емдең жазып, бұдан кейін не істеге керек екені жөніндегі тапсырмаларын беріп, аттанғалы жатқанында әз Жәнібек ханнан Жиренше шешенге тақай шақырғыш жасауылы келіп, хан шақырып жатқанын айтады. Осы жолы Жиренше досы Өтейбойдақты ханға ерте кетеді. Барған соң әр түрлі әңгіме қозғалады. Сөз арасында әз Жәнібек хан Жиренше шешеннен: "Осы бізде қара үзген шипагер бар ма?" – деп сұрап қалады. Ол алдында отырған Өтейбойдақ Тілеуқабылұлын көрсетеді. Хан әлденеше сұрау қояды. Шипагер мұдірмей жауап береді. Осы әңгіме үстінде қаннның үлылы турағы сөз қозғалып қалады. Шипагер осыған байланысты жақын туыстар қызы алысқан жағдайда үрпақтың азатындығын дәлелдейді. Бұған әбден иланған хан сол жердің өзінде-ақ: "Күллі Алаш ұраннан қазақ қараша бұқараларымның өздерінің және үрпағының мінсіз болмағы шарты үшін... жеті атала толмай қызы алысқандар бүгіннен бастап болмауы шарт" деген жарлығын жаздырып, "Алтын мәрін басып", қолма-қол шабарман аттандырып, жарлықты атқаруға үәзір жарнаманы бұйырды" /қолжазба, 54-бет. Содан соң хан: "Үлгінді титтей де қалдырмай, жасырып-жаппай, бұкпесіз, толық, ашық жазып шық. Болған соң ордаға келіп, жеке өзімे оқып бер. Қазынада сақтатамын. Қасырқағана /қосқан есе/ қарай сыйынды алып, мәртебенді иелейсің", – дейді де, үәзірлеріне дереу орындауды бұйырады /қолжазба, 56-бет/. Сөйтіп, "Ордадан оңаша сыйласырдан /қонақ үйден/ жайлы орын бергесін, мысыма тоқтағандарым мен қайта еске /естелікке/ жазғандарымды, ойға жигандарымды жазуға кірістім" /қолжазба, 56-бет/. "Жетпіс жылдық өмірімдегі төл кешірме, кешіргіліктік ая бойынша жазып отырмын" /қолжазба, 951-бет/. "Бітіріп болып, дәтімді жазып, ертең ұсынамын дегенде, қуанышым өте ерте болған екен. Сол туні ғақбытлы хан Темір ойда жоқта қандаш қыргы бастады да, хан Жәнібек жан жаһаннам тұлға қандығыр болды. Мен дестірді /кітап/ көтере босқындармен бірге Ақ Ордадан қашып, әрен құтылып, "есі бар ел табар" деп, туған мекеніме тарттым /қолжазба, 57-бет/. Демек, 1467 жылы бастап жазған ғалым 1475 жылы "Шипагерлік баянның" алғашқы нұсқасын бітіріп, ханға тапсырмак болған күні әлгіндей кедергіге тап болған. Сөйтіп, қолжазба тақыр местің ішіне түскен де қала берген. Тек қана Өтейбойдақтың кіндікtes інісі Топайдан тараған үрпақтың бірінен екіншісіне ауысып отырған. Толық емес дерек бойынша /соңғы мұрагерлерінің бірі Тұменбай Ыстанбайұлының жазып қалдыруына қарағанда/, өзөлі Райымбек, одан соң Шыбыл, Қоңырберік, Тама, Бұршақ би... Ыстанбай, Тұменбай, Нұртайлар арқылы бүгінге жеткен. Бұлар, керек десеңіз, әйелдер мен қызы балаларына да көрсетпеген. Тек осы мұраға лайық саналынған сенімді үрпақтың ғана қолына етіп отырған.

Біздің айтып отырғанымыз қолжазбаны алғаш оқып шығып, исі қазақтан сүйінші сұрау үшін жазылған шағын мақалада ғана келтірілген кейбір сілтемелер төңірегіндегі хабарлар ғана. Соның өзінен-ақ әлге дейін аңыздың кейіпкері саналып жүрген Жиренше шешеннің кім екенін анықтадық. Әз Жәнібектің қашан өлгенін және кім өлтіргенін білдік. Алаш, қазақ атауларының шығу тегіне, тарих тереңіне меңзейтін қыруар деректер, қисындар таптық. Осының өзінен-ақ “Шипагерлік баянда” тілімізге, тарихымызға, этнографиямызға, ғылымның тағы басқа салаларына байланысты қаншама қазына жатқандығын аңғару қызын емес сияқты.

Әрине, мұндай шоқтығы биік ғұламағалым осыдан табаны күректей 5 ғасыр бұрын алды-арты тастай қараңғы надан қазақтардың арасынан жалғыз шығыпты дегенге есі дұрыс пенде сене қоймас. Шынында да солай. Ол өзінен бұрынғы ұлы жерлестері әл Фараби, Жұсіп Баласағұн сияқты данышпандардың еңбектерімен толық таныс болған. Әз тұсында да дәл өзі секілді қара үзген шипагер, бүгінгі тілмен айтқанда, медицинағылымдарының докторы, академик дәрігерлер көп болмағанымен, бар екенін: “Ат жалын тартып міне сала-ак, сырқат біткенге шипа ем дарымын тауып, науқасты жазсам деген жүргеіме ұлағаған арман жетегімен ізде-ізде кезбе жер /іздене-іздене кезбеген жерім жоқ/. Бұл жолда шоқтығы бұланайдай биік төтенше ұлы ұлағаттылармен де, саптаяққа жүққан сүт ніліндей таумер тәутіктермен де, бір жол бір із ас ішкеш болдым... Қол ыласы дәүлетке, ылас нілі сәүлетке қызықладым” / қолжазба, 17-бет/, – дегенінен анық аңғаруға болады. Керек болса, әкесі де дәрігер екен. Ол туралы: “Әкем жеті мен қырық бір шептің басын шарт етуші еді. Мен бұған алғаш нансам да, өз кешірмелік аям бұған сөндірмейтін болып, нандырымын жойды... Сондықтан өмірімнің осы дестірге /кітапқа/ арналғанға дейінгі аралығында осы тылсымдарға нақтап көз жібермекке бекіндім. Бұ дүниенің қызығын мұлде ұмыттым. Алдымен өзім ішіп, өзім жеп, шипа ем дарым заруатынан талай уландым. Ақыры көптеген дарым заруаттарының ішінде, әкем айтқандай, олппы-солппы, жадағай емес, не қылы көреметтердің бәрін аяндадым” /қолжазба, 2031-бет/, – дейді ғалым. Бірақ әке деңгейінде қалып қоймай, бүкіл қазақ халқының мәңгілік мақтандышина айналарлық дәрежеге көтерілген.

Бұлай деуімізге толық негіз бар. Біріншіден, “Шипагерлік баян” – ғылымнамалық мәнге ие, толыққанды медициналық ғылыми еңбек. Екіншіден, осыдан 500 жыл бұрын таза қазақ тілінде жазылған дүние. Бүгін біз соған қарай отырып тіліміздің осы аралықта қандай өзгерістерге ұшырағанын аңғаруымызға болады. Үшіншіден, туындыгерінің кім екені, қай дәүірде өмір сүргені, қайда туып, қанша жасағаны дау туғызбайды. Қысқасы, бұл жағы соқырға таяқ ұстатақандай айқын. Төртіншіден, қолжазбаның кімнің тапсырмасымен, қалай жазылғаны, әуелі кімнің қолына өткені, одан